

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

4 тамыз 2023 ж.

Шоқпартоғай ауылдық округі
өкімдігінің Акт залы

Қатысқандар: М. Дарғалиева, Д.Аронов, Н.Өмірбаев, Н. Ерғалиев, ТШО жауапты бөлім мамандары және Шоқпартоғай ауылдық округінің тұрғындары

Күн тәртібі:

1. Кіріспе сөз – Дарғалиева М.С., Аронов Д.Ж.
2. «ТШО-ның 2023 жылға арналған әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы және демеушілік бойынша жаңартылған ақпарат», «Жылыой ауданын дамыту бағдарламасы бойынша жаңартылған ақпарат» - Өмірбаев Н.Ж.,
3. Сұрақ-жауап сессиясы
4. Қорытынды сөз - Дарғалиева М.С., Аронов Д.Ж.

«Теңізшевройл» ЖШС-нің жұртшылық өкілдерімен ақпараттық кездесу отырысын Қара Арна ауылдық округі өкімінің міндетін атқарушы **Дарғалиева Мөлдір Сағынқызы** ашып, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері **Аронов Дәрмен Жұмабайұлымен** таныстырып, жиналыс мақсатын айқындады.

Дәрмен Жұмабайұлы кездесуге жиналған тұрғындарға ризашылығын білдіріп, Жылыой ауданының тұрғындарымен жыл сайын жұртшылық өкілдерімен ақпараттық кездесулер өткізуді жалғастыратынын хабарлады. Кездесудің мақсаты ТШО-ның өндірістік қызметі бойынша жаңартылған ақпарат беру, ТШО қызметі туралы қатысушылардың пікірлерін тыңдау және сұрақтарға жауап беру екенін мәлімдеді.

Дәрмен Жұмабайұлы кездесу қорытындысы бойынша хаттама жасалатынын және осы хаттама ТШО веб-сайтында жарияланатынын айтты. Кездесу барысында ТШО материалдары үшін пайдаланылатын фото және бейнетүсірілім жасалатынын ескертті.

Күн тәртібінің бірінші тармағы бойынша ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі **Нұрадин Өмірбаев** «ТШО-ның өндірістік көрсеткіштері бойынша жаңартылған ақпарат» және «ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы бойынша қысқаша ақпарат» жөнінде баяндама жасады.

Баяндамалар аяқталған соң, **Дәрмен Жұмабайұлы** сұрақ-жауап сессиясына көшуді ұсынды.

Сұрақ:

Тұрғын: ЗГР нысанында жұмыс жасап жатқанын айтты. Сол жобаға қатысты қысқартулар жөнінде мәлімет беруді сұрады.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Әрбір жобаның басы мен аяғы болатынына барлығына мәлім. Осы жобада да зауыттың құрылысы бітуге дайын, қазіргі уақытта қосуға дайындық (пусконаладка) жұмыстары өтуде. Жобаның қызу кезінде Жылыой ауданынан 10 мың жұмысшы жобаға қатысты, қазіргі уақытта әлі де 8000 Жылыой тұрғыны жұмыс жасап жатыр. Құрылыс жұмыстарын жасайтын жұмысшылар қазір жұмыстан босатылуда. Теңізде болашақта осы Келешек кеңею жобасы сияқты басқа жоба әзірше жоспарланбағаны айтылды. Оған себеп жер астындағы мұнайдың таусылуы. Жалпы жұмысқа тұрамын деушілер Жұмыспен қамту орталығының тізіміне тіркеліп, enbek.kz сайтынан бос орындар хабарламаларды қарап отыру қажет.

Ұсыныс:

Орынбасар мырза, ауыл тұрғыны: ТШО темір жол өткелінде көпір салуды және ауылдық жерге ағаш отырғызып, көгалдандыруды ұсынды.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Жалпы көпір, жол салу ол инфрақұрылымдық салаға қатысты болғандықтан, онымен әкімшілік айналысу керек. Егер ауылға қажетті әлеуметтік ғимараттар, көпір салу ұсыныстар болса, Жылыой ауданы әкімшілігі арқылы, ары қарай Облыс әкімдігіне хат жолдап, Облыс әкімдігі оны Игілік бағдарламасының жобалар тізіміне енгізуді бекітсе, іске асыруға болады.

Сұрақ:

Тимур мырза, темір-жол саласының жұмысшысы: Аудан әкіміне көпір, перрон салу сұранысымен барғанын айтты. Себебі, поезд жылдамдығы артты, ол жолмен күкірт, мұнай тасымалданады, бұнда мал немесе тіпті балаларды қағып кету қаупі бар. Әкімдік бұндай мәселелерді шеше алмайтындығын айтты. Шоқпартоғайда көпір салынса, бірнеше адам жұмыспен қамтылатын мүмкіндік барын айтты.

Жауап:

Аронов Дәрмен: ТШО мұнай өндіретін мекеме болғандықтан, жалпы бұл мәселе әкімшіліктің құзыретінде. ТШО өз еркімен көпір сала алмайды, тек Атырау облысы әкімдігі Игілік бағдарламасына көпір салуды енгізсе ғана жасауға болатынын айтты.

Сұрақ:

Тұрғын: Биыл ТШО-ның құрылғанына 30 жыл толды. Осы уақытта мемлекетке 184 млрд. ақша құйылды. Бұл ақша республикаға кетіп, Жылыой ауданына көңіл бөлінбей қалды. Бұрын ТШО жағдайлары төмен отбасыдан шыққан балаларды оқытуға ақша бөлетін, қазір ол тоқтап қалды. ТШО емхана салып жатыр, жедел жәрдем көліктерін алып берді, бірақ онда жұмыс жасайтын маман жеткіліксіз. Ауданға қажетті медицина саласына жетіспейтін мамандарды оқытуға қолдау көрсетсе, мысалы жылына 3-5 маман оқыту.

Өмірбаев Нұрадин: Бұл мәселеге қатысты бір қиындық бар сияқты, себебі былтыр Жылыойға біраз жас маман дәрігерлер келді. Бірақ биыл олардың барлығы кетіп қалды. Соған қандай себеп, оларға жағдай жасалмайтын шығар.

Тұрғын: 1) Келген жас мамандарға тұрғын үй жағынан жағдай жасалмаған, бір жағынан жалақының аздығынан олардың жеке емханаларға жұмысқа кетуі себеп. Елге жұмыс жасаймын деген мақсаттары жоқ. Бірақ ТШО мамандардың оқуына төлесе, кейін ауылға жұмысқа тұрып, 5 жыл жұмыс жасау тиіс деп талап қою керек.

2) ТШО Жылыой ауданына КОС (кәріз суды тазарту қондырғысы) және ПИВ (суды қайта пайдалану) нысандарын салып беруді ұсынды.

3) Су мәселесі өте маңызды болғандықтан, ТШО үстімен көлік өтетін мықты шлюз салуды қарастыруды ұсынды.

Өмірбаев Нұрадин: Үкімет берген ұсыныс бойынша, ТШО Бақашыдан және бері қарай келіп, Дүйсекке ата жақта да шлюз салып берді. Осылай әкімшілік жоба жасап, тапсырма берсе, Игілік арқылы ондай жобаларды ТШО салып береді.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Бұндай сұраныстарды Атырау облысы әкімдігінің келісімімен, Құрылыс басқармасына шығу арқылы «Игілік» жобасына кіргізуге болады.

Ұсыныс:

Тұрғын: ТШО Құлсарыдағы мұнай-газ колледжіне жақсы қолдау көрсетуде, сондағы оқытылатын мамандықтары да жақсы. Сол мамандықтарда оқып жатқан оқушылардың практикасын ұйымдастырып, ары қарай дамытуды ұсынды.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Айтылған практика мәселесі бойынша ТШО «Еділ-Орал» мекемесімен бірлесіп жұмыс жасап жатыр. «Еділ-Орал» мекемесі колледждің аймағына практикаға қажетті станоктарды әкеліп, оқытуды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта бұл жоба бойынша дайындықтар жүргізілуде.

Тұрғын: Мостовой кранмен жұмыс жасайтын маман көп кездеспейді. Бұл өте қиын жұмыс емес. Бірақ ауданда маман болмағандықтан, ондай жұмысқа Қостанайдан т.б. жақтан жұмысшылар келеді. Осындай мамандықты оқытатын, мостовой кранды оңдайтын маманды даярлауды колледжге ұсыныс жасайтынын мәлімдеді.

Аронов Дәрмен: Көтерілген сұрақтар мен берілген ұсыныстардың маңызы зор. Шлюз бойынша Игілік жобасына кіргізілсе, іске асыруға болатынын айтты.

Ұсыныс:

Тұрғын: Жақында шығыстан жел көтеріліп, ауылды ақ топырақпен шаң басып кетті. Сол жаққа қоршау салып, шығыс жаққа тал егу мүмкіндігін сұрады.

Аронов Дәрмен: «Қоғамдық кеңістіктер» жобасы арқылы бірнеше адам бірлесіп, қоршау салып тал егуге болатыны айтылды. Оған қоса, 2021 жылы ТШО Атырау облысы әкімдігімен бірлесе көгалдандыру жөніндегі меморандумға қол қойды. Сол меморандум бойынша ТШО Құлсары қаласында 50 гектар жерге тал егуге келісті. Қазіргі уақытта Құлсарыда 15 гектарға ағаш отырғызылып қоршалды, және 2 жыл бойы ТШО сол ағаштарды суарады. Биыл 10 гектарды көгалдандыру үшін әкімшіліктен жер қарастырылып жатыр. ТШО 50 гектардың бір бөлігін ауылдық округтарға отырғызуға дайын, бірақ оған бөлінетін жерді Жылыой ауданы әкімшілігі береді. Сол себепті, Жылыой ауданы әкіміне хатпен шығуды ұсынды.

Ұсыныс:

Сисенғалиев Құрманғали: ТШО-дан жиналысқа келген адамдарды таныстыру, қай сала мамандары екендігін айту.

Аронов Дәрмен: Кездесуге «Игілік» жобасының, Қазақстандық қамту бөлімі, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімі және Экология бөлімі өкілдерінің қатысып отырғандығын айтты.

Сұрақ:

Сисенғалиев Құрманғали: Көптеген шетелдік мекемелерде крановщик, мастер по вращающемуся оборудованию, қауіпсіздік маманы болып жұмыс жасап, тәжірибесі барын айтты. Бірақ талант бар, таныс жоқ дейтіндей, тек қысқа мерзімге ғана жұмысқа кіріп, шығып кетіп жүргенін айтты.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Мердігер мекемелер жеке заңды тұлға болғандықтан, ТШО олардың шаруаларына араласа алмайды. Оған қоса, Келешек кеңею жобасы аяқталуда. Бірақ облыста келешекте газ, нефтехимия бойынша жобаларды салу жоспарланған. Мамандығы мен тәжірибесі мол болғандықтан, ондай мамандар болашақта қажет болады. Сол себепті, Жұмыспен қамту орталығының тізіміне тіркеліп, enbek.kz сайтынан бос орындар хабарламаларды қарастыруды ұсынды. Керек болған жағдайда хабарласу үшін резюмеңі ТШО-ның Құлсарыдағы офісіне тапсыруын сұрады.

Сұрақ:

Тұрғын: Жемді тазалап, тереңдету мүмкіндігін сұрады.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Шлюз мәселесі сияқты, бұндай сұраныстарды Атырау облысы әкімдігінің келісімімен, Құрылыс басқармасына шығу арқылы «Игілік» жобасына кіргізуге болады.

Сұрақ:

Тұрғын: Құлсарыда жаңбыр жауса көшелер суға толып кетеді. Соған байланысты су ағар жасап, сол су Құрсайға құйылса жақсы көмек болар еді.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Су ағар мәселесі әкімшілікке байланысты болғандықтан, бұндай сұрақтарды Аудан әкімдігіне жолдау қажеттігін айтты. Немесе әкімшілік ТШО-ға бұл жобаны берсе, Игілік арқылы ұйымдастыруға болады.

Сұрақ:

Тұрғын: Кездесуде айтылғандай Теңізде жоба басталып, оның аяқталуы бар. Халыққа жұмыспен көмектесу үшін, ТШО тері өңдеу үшін т.б. өнеркәсіппен айналысу үшін бір қолдау қажет, қандай мүмкіндік бар?

Жауап:

Асқар Ибрагимов, ТШО: Қазіргі уақытта ТШО микроқаржыландыру жобасын іске асырумен айналысып жатыр. Әр кәсіпкерге жабдықтар сатып алу үшін 5 млн. теңге несие беріледі. Бұл жоба тек Жылыой ауданы тұрғындарына арналған. Жобаға қатысушылардың жасына, жұмыстың бар-жоғына шектеу жоқ, тек жобаны іске асыратыны жөнінде кепіл берсе, қатыса алады. Бұл жобаның ашылуы ресми түрде хабарланады.

Өмірбаев Нұрадин: ТШО 1999-2000 жылдары осындай пайызсыз микрокредит берді. Оны Жылыой азаматтары алып, ТШО-ға қайтармай кетті. Соның кесірінен бұл жоба тоқтап кетті. Сол себепті осындай жағдай қайталанып жатса, бір жылдан кейін жоба қайтадан тоқтап қалады деп ескертті.

Дәрмен Аронов сұрақтар мен ұсыныстар хаттамаға енгізілетінін хабарлап, кездесу отырысын қорытындылды.

Қосымшалар:

- Кездесу барысында жауап берілмеген сұрақтарға/ұсыныстарға жауап – 1 бет

Кездесу барысында жауап берілмеген сұрақтарға/ұсыныстарға жауап:

№	Сұрақ (ұсыныс, талап) сипаттамасы	ТШО жауабы
1	Ауданға қажетті медицина мамандарын (жылына 3-5) оқыту, оқуын бітірген соң 5 жыл жұмыс жасауға міндеттеу	Қазіргі таңда ТШО Жылыой ауданын дамыту бағдарламасы аясында Жылыой ауданындағы денсаулық сақтау саласы мамандарының біліктілігін арттыру жобасын қарастырып жатыр. Нақты шешім қабылданғаннан кейін қосымша хабарланатын болады.